ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ

ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА КАРАГАНДЫ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2024 жылғы 29 тамыз № 428 н/қ

Қарағанды қаласы город Караганда

**Қарағанды қаласы
білім беру ұйымдарының
оқушыларын ыстық тамақпен
қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы X сессиясының «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №119 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ -76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қарағанды облысы білім басқармасының 2024 жылғы 26 тамыз №391 бұрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу және тәрбие жұмысын үйлестіру секторына (Аульбекова Ш.Д):

1.1. 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.

1.2. Ыстық тамақтандырумен қамтамасыз ету жөніндегі құжаттар жалпы орта білім беру ұйымдары басшыларының назарына жеткізілсін.

2. Жоспарлау-экономикалық бөліміне (Ахметова М.М.):

2.1. 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 5-11 сынып білім

007592

алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөнінде жұмыста ұйымдастырылсын.

3. Бөлінген қаржының уақытылы меңгерілуін қамтамасыз етсін.

4. Білім ұйымдарының басшыларына:

4.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 3 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік орта білім бер ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білі алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейіні ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларғ арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімне кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары шеңберінде ыстық тамақтандыру ұйымдастырылсын.

4.2. Ережеге сәйкес білім алушылардың жас ерекшелігіне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, күнделікт ас мәзірі бекітілсін. Күнделікті ас мәзірді бекіту кезінде Қарағанды облысыны білім басқармасы ұсынған ас мәзірі негізінде бекітілген бірыңғай ас мәзі пайдаланылсын.

4.3. Оқушылардың күнделікті тамақтану жағдайын қадағалау мекте директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4.4. Ас блогының паспорты дайындалсын және бекітілсін.

4.5. Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша айлық есептердің уақытында тапсырылуы қамтамасыз етілсін.

4.6. Қала мектептерінде қызметті жеткізуші арнайы жабдықтар ме бағдарламалық қамтамасыз етуді орната отырып, білім алушылармен қолма-қо ақшасыз есеп айырысу жүйесін енгізу бойынша тиісті шаралар қолданылсын.

4.7. Тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру айдарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Ыстық тамақ қызметін жеткізушілер (келісім бойынша):

5.1. 1-4 сынып оқушылары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 200 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен қарастырылған 5-11 сынып оқушылары үшін білім бөлімімен бекітілген перспективалық ас мәзірін және жалпы орта білім беру ұйымының басшысымен бекітілген күнделікті ас мәзірін ұстансын.

5.2. Әлеуметтік қорғалмаған отбасынан шыққан оқушыларды өз есебінен ыстық тамақпен қамту мүмкіншілігін қарастырсын.

5.3. Жалпы орта білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған ыстық және буфеттік тағамдар ұйымдастырылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды басшының орынбасары Н.Головинаға жүктелсін.

Басшы Е.Әшім

Келісілді: Н.Головина

орынд.А.Есенбекова